

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

Жұмабай Дана Абылайқызы

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Пропан газын шығымын арттыру мақсатында газфракциялау
қондырғысын жобалау және негізгі қондырғыны ChemCad бағдарламасында
модельдеу»

6B07117 – «Мұнайгаз-химия өнімдерінің химиялық технологиясы»

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты


Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

КОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,

хим. ғыл. канд., қаумд.

профессор

 Р.А. Манғазбаева

«___» _____ 2025 ж.

Дипломдық жобаның
ТҮСІНІКТЕМЕ ЖАЗБАСЫ

Тақырыбы: «Пропан газын шығымын арттыру мақсатында газфракциялау қондырғысын жобалау және негізгі қондырғыны ChemCad бағдарламасында модельдеу»

6B07117 – «Мұнайгаз-химия өнімдерінің химиялық технологиясы»


Орындаған



Жұмабай Д.А.

Пікір беруші


Хим. ғыл. канд., қауымдастырылған
профессор

 М.Ж.Керимкулова

«___» _____ 2025 ж.

Ғылыми жетекші

аға оқытушы

 М.Е. Нурсұлтанов

«___» _____ 2025 ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

6В07117 – «Мұнайгаз-химия өнімдерінің химиялық технологиясы»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,
хим. ғыл. канд., қаумд.
профессор

 Р.А. Манғазбаева
«___» _____ 2025 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Жұмабай Дана Абылайқызы

Тақырыбы: «Пропан газын шығымын арттыру мақсатында газфракциялау қондырғысын жобалау және негізгі қондырғыны ChemCad бағдарламасында модельдеу»

Университет Ректорының бұйрығымен бекітілген 2025 жылғы “29” қаңтар № 26-п/ө _____

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі “11” маусым 2025 ж

Дипломдық жобаға арналған бастапқы деректер: Өнімділігі 1,457 млн т/жылына.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Әдеби шолу;

ә) Технологиялық бөлім;

б) БӨҚ және автоматтандыру;

в) Қауіпсіздік және еңбек қорғау;

г) Қоршаған ортаны қорғау бөлімі;

д) Экономика бөлімі.

Сызба материалдарының тізімі технологиялық сызбанұсқасы, негізгі аппарат сызбасы, автоматтандыру сызбасы, бас жоспар, техника-экономикалық көрсеткіштер

Ұсынылатын негізгі әдебиет 15 атау


Дипломдық жобаны дайындау


КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Әдеби шолу	24.02.2025 ж.	орындалған
Технологиялық бөлім	17.03.2025 ж.	орындалған
БӨҚ және автоматтандыру	31.03.2025 ж.	орындалған
Қауіпсіздік және еңбек қорғау	14.04.2025 ж.	орындалған
Қоршаған ортаны қорғау бөлімі	28.04.2025 ж.	орындалған
Экономика бөлімі	12.05.2025 ж.	орындалған
Графикалық бөлім	31.05.2025 ж.	орындалған

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
БӨҚ және автоматтандыру	М.Е.Нурсултанов, техника ғылымдарының магистрі, аға оқытушы	19.05.2025 ж.	
Экономика бөлімі	М.Е.Нурсултанов, техника ғылымдарының магистрі, аға оқытушы	26.05.2025 ж.	
Норма бақылаушы	М.Е.Нурсултанов, техника ғылымдарының магистрі, аға оқытушы	30.05.2025 ж.	

Ғылыми жетекші  М.Е. Нурсултанов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Д.А. Жұмабай

Күні «__» _____ 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Әдеби шолу	8
1.1	Ілеспе көмірсутекті газдарды бензинсіздендіру	8
1.2	Газ бензинін тұрақтандыру және жеке көмірсутектерді бөлу	13
2	Технологиялық бөлім	15
2.1	Өндіріс орнын таңдау	15
2.2	Құрылыс орнын таңдау	16
2.3	Қондырғының бас жоспары	16
2.4	Шикізат, дайын өнім және қосымша материалдар сипаттамасы	15
2.5	Қондырғының технологиялық схемасының сипаттамасы	18
2.5.1	Жоғарғы температурада қайнайтын көмірсутектерді бөлу және құрғақ газды компрессиялау	18
2.5.2	Жоғарғы температурада қайнайтын көмірсутектерді фракциялау	21
2.6	Қондырғының материалдық балансы	22
2.7	Депропанациялау колоннасының технологиялық есептелуі	22
2.8	Колоннаның негізгі өлшемдері	32
2.9	Қондырғының негізгі аппараттары	
3	Бақылау-өлшеу аспаптары және процесті автоматтандыру	35
4	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы шаралар	38
4.1	Өндірістегі потенциалды қауіпті жағдайлар	39
5	Экономикалық бөлім	40
5.2	Негізгі өндіріс жұмысшыларының санының есебі	40
6	Қоршаған ортаны қорғау	41
6.1	Қатты қалдықтар	41
6.2	Сұйық қалдықтар	42
	Қорытынды	43
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	44

АНДАТПА

Дипломдық жобаның құрылымы мен көлемі.

Диплом 51 беттен, 5 сызбалардан, 25 кестеден, 15 әдебиет көздерінен тұрады.

Түйін сөздер: пропан, ілеспе газ, депропанациялау колоннасы.

Мақсаты: өнімділігі 1,457 млн т/жылына кептірілген ілеспе газды фракциялау қондырғысын жобалау.Еліміздегі пропан газының өндірісін арттыруды ұсына отырып, оның елімізде пайдалану аясын кеңейтуге негізделген.

Жобаның міндеттері: ГФҚ-да пропанды өндіру үшін газды фракцияларға бөлу әдістерінің ішінен оңтайлысын анықтау.Депропандау колоннасының жұмыс істеу принципі және технологиялық есептеулер жүргізу.

*Жобаның нәтижелері мен жаңалығы:*технологиялық есептеулер негізінде пропан газының өнімділігін арттыру үшін негізгі көмекші аппарат ретінде пропан колоннасының буландырғышы таңдалды.

АННОТАЦИЯ

Структура и объем дипломного проекта.

Дипломная работа состоит из 51 страниц, 5 рисунков, 25 таблиц, 15 список источников.

Ключевые слова: пропан, попутный газ, колонна депропанации.

Цель работы: в связи с широко использованием пропана в разных направлениях, предлагает увеличить производство пропанового газа в стране с помощью ГФУ.

Задачи работы: проектирование установки фракционирования сухого попутного газа производительностью 1,457 млн т/год и определение оптимальных способов разделения газа на фракции для производства пропана в ГФУ. Принцип работы колонны депропанации и ведение технологических расчетов.

Результаты и новизна работы: на основе технологических расчетов для повышения производительности пропанского газа в качестве основного вспомогательного аппарата выбран испаритель колонны пропана

ABSTRACT

The structure and volume of the diploma work.

The project consist of 51 pages, 5 figures, 25 tables,15 references.

Key words: propane, associated gas, column of depropanizer.

Research subjects: the work is related to the widespread use of propane in various directions and involves increasing the production of propane gas in the country using GFPs

Tasks of work: design of a dry associated gas fractionation unit with a capacity of 1.457 million tons / year and to Determine the optimal ways to divide gas into fractions for the production of propane in GFPs. The principle of operation of the depropanization column and conducting technological calculations.

The results of work and their novelty: based on technological calculations, the propane column evaporator was selected as the main auxiliary device to increase the productivity of Propane gas.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда мұнайхимиялық, мұнайөңдеу және газөңдеу — ауыр өнеркәсіптің жетекші салалары болып табылады. Оның ішінде ГӨЗ-ге (газ өңдеу зауыты) терең тоқталатын боламыз.

Көптеген мұнай-газ кенорындары Қазақстанның батыс аймағында және Каспий маңы бассейнінде ашылған.

«Қазақ газ өңдеу зауыты» Манғыстау өндіріс-территориялық комплексінде маңызды орынын алады. Зауыт Республиканың едәуір бөлігін тұрмыс сұйылтылған газбен қамтамазсыз етеді, аймақтың ел-жұртын құрғақ бензинмен өңделген газбен және пеш жағып жылытумен жетістіреді, Жаңаөзен қаласының кәсіпорындарының мұқтаждығын техникалық кислородпен қамтамазсыз етеді.

Отандық газ өңдеу өндірісі $C_1 - C_4$ көмірсутектерді бөлуге және қарапайым күкіртті алуға негізделген. Бірақта көмірсутекті газ халық шаруашылығы комплексінің тиімділігін өсіретін, көмірсутекті шикізаттың үлкен көзі ретінде ерекше қадағалауды талап етеді.

Мұнай газы, Республиканың халық шаруашылығын отынмен қамтамасыз ету үшін қосымша энергия көзі ретінде өте маңызды.

Еліміздегі қазіргі кезде бар кейбір газ өңдеу зауыттары ескірген, олар модернизациялауды талап етеді. Көмірсутекті газдардың сапасын және өңдеу тиімділігін өсіру—әлемдегі мұнай және газ өңдеу өндірісі тенденциясының қажетті талабы.

Біздің заманымыздағы мұнай мен газды өңдеу—бұл күрделі көп сатылы технологиялық процесс.

Көптеген жеңіл мұнайлар сусыздандыру мен тұзсыздандырудан кейін тұрақтандырылады—көмірсутектерінің метан, этан, пропан, бутанды, ал кейбір жағдайларда жартылай пентанды фракциялары айырылады. Осы фракцияларды алу мұнайды тасымалдау немесе сақтау кезінде құнды көмірсутектерінің жоғалуын азайту, сондай-ақ мұнай айдау қондырғысынан келіп түсетін мұнай буларының тұрақты қысымын қамтамасыз ету үшін қажет.

Газды өңдеу—отандық газ өнеркәсібінің ең жас саласының бірі, оның қарқынды дамуы соңғы жылдарда басталды. Газ өңдеу зауыттары елдің шаруашылығына пропанды-бутанды фракция немесе техникалық таза жеке көмірсутектері, газ немесе автомобиль бензиндері, дизельді отын, қарапайым күкірт, гелий түрінде сұйылтылған газдарды жеткізіп отырады. Сұйытылған газдар химия өнеркәсібінде шикізат, мотор отыны, сондай-ақ елді мекендерді, кәсіпорындарды, мал өсіретін фермаларды газдандыруға арналған тұрмыстық отын ретінде қолданылады.

Алдағы уақытта елімізде автомобильді отын ретінде сұйытылған пропан газын-сығылғын метан газымен алмастырып, пропанды пиролиз процесінің маңызды шикізаты ретінде пайдалану қолға алынуда. Пропан-аса бағалы полимерлер(полиэтилен,полипропилен) үшін таптырмас шикізат.

1 Әдеби шолу

Шығу жеріне байланысты мұнай газдары табиғи және жасанды болып бөлінеді. Жер қойнауынан алынатын кез келген жанғыш газ, мейлі ол табиғи, мейлі ол ілеспе болсын, өзінің химиялық қасиеті жағынан әртүрлі болып келеді. Оның құрамына көмірсутектен басқа шаң түйіріндей бөлшектер, су буы, азот кіреді. Ал кейбір кен орындарындағы газдардың құрамында қышқыл компоненттері – күкіртсутек, меркаптандар, көмірсутек диоксиді бар.

Жетілдірілген газөңдеу зауыттары мен қондырғылырда газ және конденсатты шикізаттан коммуналдық – тұрмыстық мақсатта қолданатын құрғақ газ, этан фракциясы, жеңіл көмірсутектерінің кең фракциясы, тұрақты газ конденсаты, қарапайм күкірт, меркаптандар сияқты көптеген аса бағалы өнім түрлерін өндіреді.

Жеңіл көмірсутектердің кең фракциясы және тұрақты конденсат келесі өнімдерді өндіруде бастапқы шикізат болып табылады:

- коммуналдық – тұрмыстық тұтынуға қажетті сұйытылған газдарды;
- мұнайхимиялық синтез үшін шикізат ретінде пайдаланатын пропан, изобутан, бутан, изопентан, пентан фракцияларын;
- дизель отынын, авиакеросинді, автомобиль бензинін, еріткіштерді, флотореагенттерді және қазандық отынды [4].


Газды тиімді пайдалану деп - одан мұнайхимиялық синтезге қажетті шикізат – жеке көмірсутектерді (пропан, бутан, пентан) максималды толық бөліп алуды айтамыз. Мұнай газын өңдеудің ең тиімді тәсіліне газ фракцияларын газфракциялау және оларды әрі қарай өңдеуге жарамды техникалық фракцияларға айналдыру. Бұл жағдайда газфракциялау өзінің техникалық және экономикалық көрсеткіштері бойынша газ қоспаларын компоненттерге бөлудің кең мүмкіншіліктерін көрсетеді.

1.1 Ілеспе көмірсутекті газдарды бензинсіздендіру

Ілеспе көмірсутекті газдарды бензинсіздендіру және сұйытылған газдарды алу екі жалғасып жүретін процестер: тұрақсыз газ бензинін алу және оны сұйытылған газдар компоненттерін немесе жеке көмірсутектерді бірден бөлумен тұрақтандыру. Қазіргі кезде өндірісте тұрақсыз газ бензинін алудың төрт әдісі қолданылады: компрессиялық, абсорбциялық, төменгі температуралы конденсация және төменгі температуралы ректификация [3].

Компрессиялық әдіс. Газды компрессорлармен сығып және оны тоңазытқышта суытуға негізделген. Газдарды сыққанда бөлінуші компоненттердің қысымы осы компоненттердің қаныққан буларының қысымына дейін жеткізіледі, осының нәтижесінде олар бу фазасынан сұйық фазаға ауысып тұрақсыз газ бензинін құрайды. Әдетте, қысымның өсуімен және температураның төмендеуімен сұйық фазаның мөлшері көбейеді. Мұнда конденсацияланған көмірсутектері жеңілдеу компоненттердің сұйық күйге айналуын жеңілдетеді, себебі олар сұйық компоненттерде ериді. Оптималды

қысым көп факторлармен, яғни бастапқы газ құрамымен, мақсатты компоненттерді бөлудің берілген дәрежесімен, сығуға кеткен энергия шығынымен және т.б анықталады. Көпшілік ілеспе газда үшін, келісілген бөлу дәрежесін ескере отырып, оптималдық қысымды 2,0-4,0 МПа аралығынд ұстайды. Газды екі немесе үш баспалдақты компрессорлармен сығады. Компрессорлардың жұмыс істеу режиміне аралық тоңазытқыштарда газдың аралық баспалдақты сууы және цилиндрлердің қабырғасының қажетті салқындауы үлкен әсер етеді. Аралықбаспалдақты салқындату түзілген конденсатты мүмкіндігінше көп бөлуге көмектеседі де сығуға қажетті энергия шығынын кемітеді, себебі сығу күші компрессорға түскен газ температурасының абсолюттік мәніне пропорционалды.



1-қабылдағыш аккумулятор; 2,3,19,20-жиналмалы сыйымдылықтар; 4,5,6-сәйкесінше компрессияның I, II және III сатысындағы цилиндрлер; 7,8,9-май бөлгіштер; 10,11,12,18-тоңазытқыштар; 13-сорғы бағанасы; 14,15,16 – компрессияның I, II және III сатысындағы сепараторлар; 17 – жылу алмастырғыш; 22 – суландыру сыйымдылығы; 23,24,25,26-сорғылар.

Ағындар: I - газ; II - газ бензині; III-буландыруға арналған ыдыратылған конденсат; IV-буланған бағанадан төменгі өнім және май бөлгіштерден жасалған өңделген май; V - газ бензині; VI - су буы; VII-құрғақ газ.


1-Сурет. Поршеньді компрессорлармен жабдықталған компрессиялық бензинсіздендіру қондырғысы.

Бастапқы газ шаңұстаушы және қорғаушы тор арқылы компрессордың бірінші баспалдағына беріледі. Сығылған газ тоңазытқышта суытылады да газ сепараторына түседі, одан әрі компрессияның екінші сатысына және т.б жіберіледі. Сонымен газ үш рет сығылады, суытылады, конденсаттан (газ бензинінен) бөлінеді де газбөлу желісіне жіберіледі. Газ сепараторлардың үш баспалдағынан шыққан конденсат тұрақты газ бензинін, сұйытылған газдар және техникалық жеке көмірсутектерін алумен тұрақтандырылады.

Газдарды сығу үшін поршенді және турбиналы компрессорлар қолданылады. Жоғарғы қысымдар шеңберінде поршенді компрессор көп қолданылады. Егер жоғары қуат қажет болғанда, ал қысым 4,5 МПа көп болмаса, компрессорды қолдану тиімді. Компрессордың түрін және қуатын таңдауға тартпаның түрі үлкен әсер етеді: электрқозғалтқыш, газмоторы, бу немесе газ турбинасы. Капиталдық жұмсау және пайдалану шығыны жағынан қысымға қарсы тұратын бу турбинасы экономикалық жағынан пайдалы.

Компрессиялық әдістің бір кемістігі сеператорларда жеңіл көмірсутектердің ауыр көмірсутектерден таза бөлінбеуі, осының нәтижесінде жеңіл көмірсутектердің аз бөлігі газ бензиніне араласып, ауыр көмірсутектерінің бір бөлігі газ фазасымен жоғалуы орын алады. Осының нәтижесінде газ бензині тұрақсыз болады және оның бөлінді потенциалдық мүмкіндіктен аз болады. Компрессиялық әдісті, 150 г/м^3 жоғары ауыр көмірсутектерден тұратын майлы газдарды бензинсіздендіру үшін қолданылады. Олардың мөлшері аз болғанда бұл әдіс тиімсіз. Бұл әдіс пропан фракциясының бөлінуіне қарап бензиннің толық бөлінуі туралы тұжырымдайды. Пропан фракциясын толық бөлу үшін компрессиялық әдісті басқа тиімді әдістермен бірге пайдалану қажет.

Газдарды бензинсіздендірудің абсорбциялық әдісі ең көп тараған. Бұл процесс газ қоспасының кейбір алькомпоненттерін сұйықпен (абсорбентпен) талғамды жұтуға негізделген. Абсорбент есебінде бензинді, керосинді немесе соляр дистилатын қолданады. Көмірсутектер ауыр болған сайын олардың абсорбентте ерігіштігі жоғарылайды. Еріген көмірсутектердің мөлшері қысымның өсуімен Генри заңына сәйкес және температураның төмендеуімен (абсорбция кезінде еріген газдың шамамен жылу конденсациясына теңдей жылу мөлшері бөлінеді) көбейеді. Генри заңына сәйкес сұйықтағы газдың ерігіштігі, сұйық бетіндегі будағы сыбағалы қысымына тура байланыста. Температура тұрақты болғанда, қысым абсорбцияға көмектеседі. Температураның өсуі газдың сұйықтағы еруін азайтады, абсорбцияны баяулатады. Технологиялық қондырғыда газдан пропан мен бутанды бөлуде температураны 35°C -тан жоғарылатпайды. Газдың сұйықтықпен жұтылуы жылу бөле жүреді.



1-абсорбер; 2-абсорбциялық – буландыру бағанасы; 3 – жылу алмастырғыштар; 4 – десорбер; 5 – конденсатор; 6 – сыйымдылықтар; 7 – құбырлы желі; 8 – тоңазытқыштар; 9-сорғылар.

I-шикі газдың кіруі; II – құрғақ газдың шығуы; III-тұрақсыз бензиннің шығуы; IV-абсорбциялық-буланған колоннадан газ

2-Сурет. Абсорбциялы қондырғының принципіалды сызбасы.

Абсорбцияны колонна аппаратында жүргізеді, мұнда газ бен сұйық фазаның жанасуын табақшалар немесе насадка арқылы іске асырады. Ең көп тараған қақпақты және торлы табақшалары бар абсорберлер. Екеуінде де табақша сұйық қабат болады, одан газ бүлкілдеп өтеді. Абсорбцияны салыстырмалы төменгі температурада (30-40°C) және жоғары қысымда (1,0-1,5 МПа) жүргізеді.

Ілеспе газ тазалау құрал-жабдығынан өткеннен кейін компрессорларға түседі, онда бір немесе екі сығу дәрежесінен өтіп, абсорбердің төменгі бөлігіне беріледі, ал жоғарыдан абсорбент беріледі. Бензинсізденген газ абсорбердің жоғары жағынан шығып, компрессияланған майдан тазару жүйесінен өткеннен кейін пайдаланушыға беріледі. Абсорбент негізінен пропан және одан жоғары көмірсутектерді және аздап метан мен этанды жұтады. Қаныққан абсорбент абсорбердің астынан шығады да желдеткішке түседі, мұнда қысымның төмендеуінен метан және этан бөлінеді. Желдеткіштен кейін қаныққан абсорбент жылуалмастырғыштан бұмен қыздырғыштан өтіп, десорберге жіберіледі, мұнда жұтылған көмірсутектері бөлінеді.

Десорбцияны салыстырмалы жоғары температурада (160-200°C) және төменгі қысымдарда (0,3-0,5 МПа) жүргізеді. Қаныққан абсорбенттен көмірсутектерді десорбциялау үшін газ фазасында бөлінуші компоненттің сыбағалы қысым сұйық фазадағыға қарағанда, аз болуы керек. Десорбциялаушы агент есебінде көбінесе өте ыстық су буы пайдаланылады. Бұмен әрекетке түскен ауыр көмірсутектер және су буы десорбердің жоғарғы жағынан шығады, конденсатор-тоңазытқыштан өтеді де субөлгішке түседі.


Субөлгіштен су астынан шығады, сұйық көмірсутегінің бір бөлігі десорберге қайтадан абсорбциялаушы компонент есебінде беріледі, ал балансты мөлшері тұрақсыз газ бензинінің ыдысына түседі. Десорбердің астынан регенрацияланған абсорбент шығып, жылуалмастырғышта өзінің жылуын қаныққан абсорбентке береді, тоңазытқышта суытылады да абсорбердің жоғары жағына қайта беріледі.

Бұл жазылған желі бойынша газдың пропаннан тек 50 пайыз шамасын ғана бөлуге болады. Сұйытылған газдардың бөлу дәрежесін көтеру үшін әр түрлі диаметрлі екі секциядан тұратын абсорбциялаушы – буландырушы колоннаны (абсорбциялаушы абсорбер) қолданылады. Диаметрі аз жоғарғы секция абсорбер қызметін атқарады, оның жоғарғы жағына абсорбент беріледі, осының нәтижесінде абсорбентпен жұтылған метан, этан және пропан бөлінеді. Пропан фракциялаушы абсорбердің жоғарғы секциясында жаңа абсорбентпен қайтадан жұтылады. Сонымен аппараттың жоғарғы жағынан құрғақ газ (метан, этан) шығады, ал астынан қаныққан абсорбент алынады. Абсорбциялық әдісті пайдалану бастапқы шикізаттан 70-90% пропанды, 97-98 % бутанды және тегіс пентанды және одан да ауыр компоненттерді бөлуге мүмкіндік береді.[2]

Газдарды төмен температуралы бензинсіздендіру. Төмен температуралы бензинсіздендіру процесстерінің арасынан төмен температуралы

конденсациялау мен ректификациялаудың жеке немесе қосарланған процесстері өндірісте көбірек қолдануда.

Төмен температуралы конденсациялау әдісі бойынша адсорбенттермен кептірілген газ минус 30 бен минус 45⁰С аралығына дейін суытылады да газ сеператорына түседі. Оның жоғарғы жағынан газ, астынан конденсат беріледі. Сұйық фаза ректификация колоннасына, этансыздануға, яғни, метан мен этаннан айыруға түседі. Төмен температуралы конденсациялауда, компрессия әдісіндегі сияқты, тек төмен температурада бір дәрежелі конденсациялау жүреді.




1,7-сепараторлар; 2-компрессор;3-ауа тоңазытқыш;4,5-жылуалмастырғыштар; 6,10 –пропанды буландырғыштар;8 деэтанизатор; 9 – рефлюксті сыйымдылық;11-рибойлер. I-шикі газ; II – құрғақ газ; III- көмірсутектердің кең фракциясы.

3-Сурет. Төмен температуралы конденсациялау әдісінің принципіалды схемасы.

Төмен температуралы ректификациялау әдісі бойынша бастапқы газ жылуалмастырғышта суытылады да ректификациялау колоннасына түседі. Колоннаның жоғарғы жағынан жеңіл көмірсутектері шығады, суытылады да пропан тоңазытқышында аздап конденсацияланады. Конденсат колоннаға суық ағын есебінде қайта беріледі. Колоннаның төменгі жағынан тұрақсыз бензин шығады.

Екі әдістің де артықшылықтары мен кемістіктері бар. Төмен температуралы конденсациялаудың ректификациялаумен салыстырғанда артықшылықтары мынадай: 1) газдың бәрі емес, тек оның конденсацияланған бөлігі ғана ректификация колоннасынан өтеді, бұл оның диаметрін азайтады; 2) метан мен этанның мөлшері конденсатта көп болмайды, сондықтан колоннаның жоғарғы жағының температурасы жоғары болуы мүмкін, бұл суыту шығынын азайтады және 3) капиталдық шығын көп емес.



1 - Сыртқы Тоңазытқыш цикл; 2-сепаратор; 3-ректификациялық баған.

I — шикі газ; II — ШФУ; III — жылу тасымалдаушы; IV — жоғарғы өнім колон V-суландыру; VI-бензинсізденген газ.

4-Сурет. Төмен температуралы ректификациялау әдісінің принципіалды схемасы.

Төмен температуралы ректификациялаудың артықшылықтары мынадай: 1) майлы газдардан мақсатты көмірсутектерді бөліп алу жоғары; 2) процесс икемді: колоннаның жоғарғы жағының температурасын өзгерте отырып, пропанды бөліп алудың тереңдігін алшақ аралықта өзгертуге болады. Төмен температуралы ректификациялауды пропан мен этанды терең бөлуде және сирек кездесетін газдарды бөлуде пайдаланылады. Майлы газдарды өңдеуде төмен температуралы конденсациялауды қолдану экономикалық жағынан пайдалану, себебі буландырғышта бұл әдісте жылыту мен суыту, колонна, компрессор және жылуалмастырғыш құрал жабдықтары аз қажет болады.

1.2 Газ бензинін тұрақтандыру және жеке көмірсутектерді бөлу

Өртүрлі әдістермен алынған газ бензинінің құрамында этанның; пропанның және бутанның мөлшері әжептәуір болады, қаныққан булар қысымы жоғары, жеңіл компоненттерді және өзінің құрамын сақтау кезінде осылай өзгере отырып, тез буланады. Тұрақсыз газ бензинін пайдалануға болады, яғни, метанды, этанды, пропанды және аздап бутанды бөлу.

Тұрақтандыру қондырғыларының екі түрі болады: тұрақтанған бензин және сұйытылған газдар (пропан – бутан фракциясы) және тұрақтанған бензин мен техникалық жеке көмірсутектер алу. Тұрақтандырудың бірінші варианты бойынша тұрақсыз бензин жылуалмастырғышта 40-45⁰С дейін қыздырылады да тұрақтандыру колоннасының орта бөлігіне беріледі. Колонна 1,0-1,5 МПа қысымда жұмыс істейді. Колоннаның жоғарғы жағындағы температура 40⁰С.

Колоннаның жоғарғы жағынан пропан-фракциясы бөлінеді, ол конденсатор-тоңазытқыштан өте де аз бөлігі қайтадан суық ағын есебінде беріледі. Тұрақтанған бензин колоннаның астынан шығады. Оның біраз бөлігін қыздырғыштан өткізеді және бу фазасы түрінде колоннаның төменгі жағына

жылу беру үшін қайта беріледі, ал баланс жылуалмастырғыш және тоңазытқыш арқылы дайын өнім есебінде сиымдылыққа түседі.

Тұрақтандырудың екінші варианты бойынша тұрақсыз газ бензині жылуалмастырғышта қыздырылады да 4,0 МПа қысымда істейтұғын этан колоннасының орта бөлігіне түседі. Бұл колоннаның жоғарғы жағынан құрғақ газ (метан мен этан) алынады. Оның төменгі жағынан қалдық пропан колоннасына жіберіледі. Ондағы қысымды 1,5 МПа шамасында ұстайды. Пропан колоннасының жоғарғы жағынан пропан аздап метан мен этанның қоспасымен шығады және конденсатор – тоңазытқышта арқылы оның аз бөлігі ағын есебінде қайта беріледі, ал оның басқа бөлігі сақтауға сыйымдылыққа түседі. Ағын сыйымдылығының жоғарғы жағынан конденсацияланбаған метан мен пропанды бөліп алады. Пропан колоннасынан шыққан қалдық бутан колоннасынан (0,4-0,6 Мпа қысым) бағытталады, оның жоғарғы жағынан бутандарды алады. Бутан фракциясы келесі изобутан колоннасында изобутан мен н-бутанға бөлінеді. Бутан колоннасының төменінен тұрақты газ бензинін өнім есебінде алады.[2]

1 кестеде тауарлы көмірсутектердің шамамен алынған құрамы келтірілген.

1 кесте - Тауарлы жеке көмірсутектердің шамамен алынған құрамы.

Компонеттер	Тауарлы көмірсутектері				
	пропан	бутан	изопентан	Н-пентан	гексан
Этан	1,4	-	-	-	-
Пропан	97,9	1,0	-	-	-
н-бутан	-	74,3	1,1	-	-
изобутан	0,7	23,7	-	-	-
н-пентан	-	-	3,2	94,4	2,0
изопентан	-	1,0	95,7	3,3	-
гексан	-	-	-	2,3	9,0

2 Технологиялық бөлім

2.1 Өндіріс орнын таңдау

Газды фракцияларға бөлу қондырғыларында кептірілген мұнайға ілеспе газды жеке таза техникалық көмірсутектеріне: метан, этан, пропан, бутан және жеңіл көмірсутектерінің кең фракциялары (ЖККФ) бөледі.

Қондырғы ректификациялық колонналардың комплексінен құралады. Соңғы кездерде газ өңдеу зауыттарында газды фракциялау қондырғыларын салу тоқтатылуда. Себебі газ өңдеу схемасы қиын үлкен зауыттарды салу үшін алғашқы өндіру периодында газдардың көп бөлігі жоғалғаннан кейін іске қосылады. Кептірілген ілеспе газды фракцияларға бөлудің қиын схемасын пайдалану сығылған газдардың аз көлемін тасымалдаған кезде қосымша капиталдық және эксплуатациялық шығындарды қажет етеді. Сондықтан газ өңдеу зауыттарын және газды фракцияларға бөлу қондырғыларын үлкен орташа кен орындарының маңында салу тиімдірек болады.

Бұл дипломдық жобада газды фракцияларға бөлу әдістерінің ішінен кептірілген ілеспе газды алдын-ала салқындату, сеперациялау және төмен температуралы ректификациялау әдісі таңдалынған.

2.2 Құрылыс орнын таңдау

Әр аймақта химиялық өнеркәсіп құрылысының негізгі экономикалық алғышарттары болып шикізат және энергетикалық ресурстардың болуы және халық шаруашылығының осы өнімге деген қажеттілігі болып табылады. Бірақ қазіргі уақытта газ өңдеу зауыттарының құрылысына қажетті орынды таңдау үшін шикізат базасының өндіріске жақын жерде орналасуы міндетті емес. Себебі шикізатты тасымалдау үшін құбырлар қолданылады, олар шикізатты қажетті аймаққа жеткізуін қамтамасыз етеді.

Газ өңдеу кәсіпорнын салу үшін ауыл шаруашылығына пайдалануға жарамсыз жерлер беріледі. Құрылыс орны туралы соңғы мәселелер келесі қосымша мәліметтерді есепке алғаннан кейін ғана шешіледі: қорғаныс сипаттағы пікірлер, экономикалық аймақтардың индустрияландырылуы, басқа кәсіпорындармен қалдықтарды пайдалану базасында бірлесу мүмкіндіктері.

Осы жұмыста жобаланып отырған өндірістің құрылысына санитарлық сақтау аймағын ескере отырып, Атырау облысы Құлсары қаласы ескі Қаратон маңындағы аймақ таңдалады. Газ өңдеу зауытын салу үшін осы жергілікті жерді бағалауда келесі шарттар сақталған:

- 1) жергілікті жердің рельефі құрылыс үшін ыңғайлы;
- 2) мамандар күшінің болуы;
- 3) жақын шикізат базаларының болуы (Теңіз кен орнының ілеспе газы);
- 4) кәсіпорынға қажетті негізгі және көмекші материалдарды жеткізу үшін ыңғайлы қатынас жолдарының жақын орналасуы, сонымен қатар оларды


жартылай өнімдерді (фабрикаттарды) және дайын өнімдерді тасымалдау үшін пайдалану;

- 5) жергілікті шаруашылықтың өңделген газ өнімдеріне деген қажеттілігі;
- 6) жергілікті арзан құрылыс материалдарының болуы;
- 7) басым (үстеме) желдің бағытын дұрыс таңдау.

2.3 Қондырғының бас жоспары

Газды фракцияларға бөлу қондырғысының жұмысының тиімділігі тек жеке блоктардың тиімділігіне ғана байланысты ғана емес, сонымен қатар олардың өнеркәсіптік алаңда өзара орналасуына да байланысты.

Қондырғының алатын ауданы 1500 м^2 ($30 \times 50 \text{ м}$) құрайды. Қондырғы алаңында аппараттардың негізгі орналасуы принциптері (қағидалары) келесілер: аппараттар арасындағы айырмашылықтардың ВИТП-28-29 санитарлық және өртке қарсы нормаларға сәйкес болуы; қазіргі жаңа, механикаландырылған құралдарын қолдана отырып, жөндеу жүргізуді қамтамасыз ету; гидравликалық кедергілерді, металсыйымдылық және жылу шығындарын азайту үшін құбыртасымалдардың минималды ұзындығы.



5-Сурет. Газфракциялайтын қондырғының колонналарын орналастыру варианттары.

Колонналар саны, қажетті өнімдер санына байланысты болады. Негізінде, әдетте ГФҚ-да 3-10-ға дейін ректификациялық колонналар іске қосылады. Бүкіл колоннадағы тарелкалар саны шамамен 390-720 аралығында болады.

Газфракциялайтын қондырғының алаңын жобалау барысында бөліп жайғастыратын салу жүйесі қолданылады.

2.4 Шикізат, дайын өнім және қосымша материалдың сипаттамасы

Шикізат, дайын өнім және қосымша материалдың сипаттамалары төмендегі кестелерде көрсетілген.

2 кесте - Қондырғыға келіп түсетін жоғары қысымдағы күкіртсізденген газдың сипаттамасы.

Көрсеткіштің аталуы	Өлшем бірлігі	Мәні
Температура	°C	46,48
Қысым	Бар	61,10
Массалық шығым	кг/сағ	189950,8
Тығыздық	кг/м³	62,63
Молекулалық салмақ	кг/кмоль	21,85

3 кесте - Қондырғыға келіп түсетін жоғары қысымдағы күкіртсізденген газдың компоненттік құрамы.

Компоненттер	% (масс.)
Су	0,22
Күкірттісутек	0,00
Көміртегінің қос тотығы	0,00
Азот	1,35
Метан	74,40
Этан	13,69
Пропан	6,59
Изо-бутан	0,84
Бутан	1,62
Изо-пентан	0,42
Пентан	0,39
Гексан	0,25
Гептан	0,12
Карбонилсульфид	0,00
Метилмеркаптан	0,00

4 кесте - Еуропа сапасына сай пропанның техникалық шарттары.

Көрсеткіштердің аталуы	Техникалық шарттар
Этан, % (көл.)	макс.2,0
Пропан, % (көл.)	мин. 95,0
Бутан және одан ауыр, % (көл.)	макс. 2,5
Коррозиялы-агрессивті құраушылары (мыс пластинасында сынауы)	макс. 1

4-кестенің жалғасы

Компоненттер	% (масс.)
H_2S , миллион бөлшек (масса бойынша)	макс. 1
CO_2 , миллион бөлшек (масса бойынша)	макс. 1
Жпалпы күкірттің құрамы, миллион бөлшек (масса бойынша)	макс. 15
37,8°C кезіндегі буларының қысымы, МПа артық	макс. 1,379
Судың құрамы (мұздатуға байқау)	шыдайды

2.5 Қондырғының технологиялық схемасының сипаттамасы

2.5.1 Жоғарғы температурада қайнайтын көмірсутектерді бөлу және құрғақ газды компрессиялау

Күкіртсізденген газды салқындату, сеперациялау және кептіру блогынан шыққан кептірілген газ жоғары температурада қайнайтын көмірсутектерді бөлу блогына бағытталады [15].

Бұл блоктың мақсаты:

- шықтану нүктесі бойынша техникалық шарттың талабын орындау үшін кептірілген газдан C_{3+} фракциясын кетіру;
- этан мен пропанның мольдік қатынасы 0,021 кіші пропан фракциясын алу (этаннның құрамы бойынша техникалық шарттың талабын орындау үшін).
- Жүйе салқындықты оптималды түрде пайдалану үшін жобаланған және екі режимде жұмыс істеу үшін есептелген:
- Пропанды максималды бөлу режимі: кептірілген газдан C_{3+} максималды бөлу және пропан фракциясының максималды мөлшерін алу.
- Пропанды минималды бөлу режимі: кептірілген газдан C_{3+} минималды бөлу және пропан фракциясының минималды мөлшерін алу.

Төменде келтірілген жоғары температурада қайнайтын көмірсутектерді бөлу процесінің сипаттамасы жұмыстың қалыпты режиміне негізделген, яғни пропан фракциясын максималды бөлу режиміне (пунктің соңында екі режимінің негізгі айырмашылықтары көрсетілген кесте келтірілген-пропан фракциясын максималды және минималды бөлу режимі).

Кептіру блогынан кейін құрғақ газ терең салқындату үшін екіге бөлінеді: бірінші ағын Ж-1 және Ж-3 жылуалмастырғыштары арқылы өтеді (46 пайызы), ал екіншісі Ж-2 және Ж-4 жылуалмастырғыштары арқылы өтеді (54 пайызы). Қосылған ағынның температурасы -25°C болады. Бұл температура C-2 сеператорындағы сеперациялану эффективтілігін анықтайды, ал пропан фракциясының бөлінуі, сонымен қатар Ж-5 жылуалмастырғышындағы салқындату эффективтілігі осы температураға тікелей байланысты. Бұл деэтанациялау колоннасының жұмысына әсер етеді. Деэтанациялау колоннасына кірер алдында көмірсутекті шикізаттың ағыны этанды бөлудің оптималды температурасына дейін салқындайды (-18°C).

Ж-1 жылуалмастырғышы, С-2 сеператорының үстінен шыққан және алдын-ала Ж-5 жылуалмастырғышы арқылы өткен газбен, тазаланған және кептірілген газды -2°C -ға дейін салқындату үшін арналған. Осы Ж-1 жылуалмастырғышының құбыраралық кеңістігінен өткен газдың Кептірілген газ Ж-1 жылуалмастырғышының құбыр кеңістігінде жартылай конденсацияланады және одан кейін Ж-3 төмен қысымдағы салқындатқышына температурасы -22°C -ден $+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін өседі (рекуперация процесі). беріледі, мұнда ол -32°C изотермадағы қайнап тұрған пропанмен -24°C температураға дейін салқындайды.

Ж-2 мұздатқышы кептірілген газдың екінші ағынын -12°C изотермадағы қайнап тұрған пропанмен -7°C -ға дейін салқындату үшін арналған. Кептірілген газдың ағыны Ж-2 жылуалмастырғышында жартылай конденсацияланады және одан кейін Ж-4 жылуалмастырғышына келіп түседі, мұнда ол С-1 сеператорынан шығатын сұйықтықпен шамамен -24°C -ға дейін салқындайды, бұл сұйықтық құбыраралық кеңістікте -43°C температурадан -17°C температураға дейін ысытылады.


Жылуалмастырғыштардың екі бөлігінен шыққан салқындатылған ағындар бірігеді де, С-1 жоғары қысымдағы сеператорына келіп түседі. Сеператордың қалыпты жұмысының шарттары: температура -25°C және қысым 59 ат. Бұл аппараттың мақсаты конденсирленген сұйықты будан бөліп алу болып табылады. Бүмен бірге кеткен сұйықтықтың тамшыларын ұстау үшін сеператордың жоғарғы бөлігіне сым тордан жасалған демистер орнатылған. Сеператордың астынан шыққан сұйық көмірсутектердің ағыны Ж-4 жылуалмастырғышы арқылы өтіп, К-1 деэтанациялау колоннасының 19-ыншы табақшасына келіп түседі (ысытылған ағын).

С-1 сеператорынан шыққан будың қысымы КП-1 Джоуль-Томпсон клапынан откеннен кейін 59 ат.-дан 25 ат.-ға төмендейді. Температура сәйкесінше -25°C -дан қысым -47°C -ға төмендейді. Нәтижесінде ауыр көмірсутектердің біраз бөлігі конденсацияланады және сұйық көмірсутектердің қоспасы газбен бірге С-2 төмен температуралы сеператорына келіп түседі. С-2 мақсаты сұйық көмірсутектерді газ фазасынан бөлу. Газдың шығар жері сеператордың жоғарғы бөлігінде бірге кеткен сұйықтың тамшыларын ұстау үшін тор сымнан жасалған демистер орнатылған. С-2 сеператорынан шыққан газдар К-1 деэтанациялау колоннасының Ж-5 дефлегматорында хладагент ретінде пайдаланылады, одан кейін олра Ж-1 жылуалмастырғышының құбыраралық кеңістігі арқылы өтіп, КР-1 құрғақ газ компрессорының кірісіне келеді.

К-1 деэтанациялау колоннасының мақсаты — C_3 және одан да жоғары кубтық өнімді алу, бұл кубтық өнім әрі қарай К-2 депропанациялау колоннасына бағытталады. К-1 деэтанациялау колоннасында 39 клапанды табақша бар және келесі температуралар мен қысымдарда жұмыс жасайды: кубта — температура 85°C және қысым 23,8 ат. Колоннаның кубтық сұйықтығы Ж-7 ребойлеріне қыздырылады, мұнда энергия тасымалдығышы ретінде ыстық су пайдаланылады. Флегма СД-1 флегма жинағышынан келіп түседі (Ж-5 дефлегматорында алдын-ала салқындатылғаннан кейін). Деэтанатордың

корегі екі ағыннан тұрады: С-2 сеператорынан келетін салқын ағын, ол СД-1 флегма жинағышы арқылы келеді және екінші ағын колоннаның 19 –шы табақшасына түседі. К-1 колоннасының үстінен шығатын бу Ж-5 жылуалмастырғышында -18°C температурадан -30°C температураға дейін салқындатылады, мұнда олар жартылай конденсацияланады. Әрі қарай бұл екі фазалы ағын деэтанациялау колоннасының СД-1 флегма жинағышына бағытталады, мұнда фазалардың бөлінуі жүреді. СД-1 флегма жинағышынан шыққан сұйықтық СР-1 сорабы арқылы колоннаға беріледі. СД-1 флегма жинағышында бөлінген газдар Ж-6 пропанды қайта салқындатқышы арқылы КР-1 тауарлық газ компрессорына бағытталады.

К-1 колоннасының кубынан шығатын сұйықтық деэтанациялау колоннасының Ж-7 қайнатқышына бағытталады, мұнда ол 83°C температурадан 86°C температураға дейін жартылай буландырылады. Ж-6 және Ж-1 жылуалмастырғыштарынан шығатын құрғақ газ 23°C температурамен және 23 ат. қысыммен бір ағынға бірігіп КР-1 құрғақ газ компрессорының кірісіне келеді, бұл компрессор газды магистральды газ құбыры қысымына дейін компремирлейді (40-56 ат.). КР-1 компрессорынан жоғары қысыммен шығатын газ АСМ-1 ауамен салқындатқышына бағытталады. АСМ-1 ауамен салқындатқышының мақсаты—компромирленген тауарлық газды магистральды газ құбырына берместен бұрын оны 45°C температураға дейін салқындату.



6-Сурет. Пропан газын шығымын арттыру мақсатында газфракциялау қондырғысының ChemCad бағдарламасындағы кескіні.

5 кесте - Пропанды бөлудің максималды және минималды режимін салыстыру.

Параметрлер	Пропанды максималды бөлу режимі	Пропанды минималды бөлу режимі
Пропанды бөлу коэффициенті	73%	55%
Ж-1 және Ж-3-ке бөлінген ағындардың шығынының қатынасы	46%	80%
С-1-дегі температура	(-)24°C	(-)9°C
Дезтанизациялау колоннасына кіре берісіндегі шикізаттың температурасы	(-)17°C	(-)15°C
Дезтанизациялау колоннасының флегмасының температурасы	(-)29°C	(-)24°C

2.5.2 Жоғары температурада қайнайтын көмірсутектерді фракциялау

Бұл блокта пропан, бутан және C_{5+} фракциясын алумен жоғары температурада қайнайтын көмірсутектерді ары қарай фракциялау жүреді.

К-1 дезтанизациялау колоннасынан шығатын кубтық қалдық К-2 депропанациялау колоннасы құрамында C_{4+} 2,5% (көл.) көп емес, жоғарғы сапалы пропан фракциясын және пропанның бутанға молдік қатынасы аз ($\approx 0,03$) кубтық өнім алуға арналған. Бұл 32 клапанды табақшасы бар колоннада ректификация процесімен жүзеге асады: кубтың температурасы және қысымы сәйкесінше 119°C және 16,2 ат. жылу колоннаға Ж-8-½ жылуалмастырғыштарынан беріледі, мұнда кубтық сұйықтық төмен қысымдағы бумен қыздырылады. Колоннаның жоғарысынан шыққан бу АСМ-2 ауаменсалқындатқышында 40°C температураға дейін салқындалатылып конденсацияланады.

Флегма депропанациялау колоннасының СД-2 флегма жинағышында жиналады, мұнда сұйық бетінде газ бұлты түзіледі. СР-2-А/В флегма сораптары пропанды СОС-тен тазалауға жібереді және колоннаға флегма ретінде кері береді. Кубтық сұйықтық депропанациялау колоннасының Ж-8-½ қайнатқыштарына беріледі, бұлардың әрқайсысы колоннаның жұмыс жасауы үшін қажетті 50% жылуды беруге есептелген. Сұйықтық шамамен 125-128°C температураға дейін қыздырылады және жартылай буланады. Қайнатқыштарға берілген төмен қысымдағы су буы өз жылуын беріп конденсацияланады. Конденсат әр қайнатқышқа арналған СД-4-1/2 конденсат жинағыштарында жиналып, одан әрі төмен қысымдағы бу конденсатының жалпы желісіне шығарылады. Колоннаның астынан шығатын сұйық кубтық өнім К-3 дебутанизациялау колоннасының 19-шы табақшасына беріледі.

Дебутанизациялау колоннасы құрамында C_{4+} 2,0% (көл.) көп емес жоғары сапалы бутан фракциясын алуға арналған, кубтық өнім мұнайды сеперациялау және тұрақтандыру блогына бағытталады, мұнда ол тұрақтандырылған мұнаймен араластырылады. Колоннада 24 клапанды және 8,6 ат.; жоғары бөлігінің температурасы және қысымы сәйкесінше 73,5°C және 8,7 ат. Жылу колоннаға Ж-9-1/2 жылуалмастырғыштарынан беріледі, мұнда кубтық сұйықтық төмен қысымдағы бумен қыздырылады. Колоннаның жоғарғы жағынан шыққан бу АСМ-3 ауамен салқындатқышына 35°C температураға дейін салқындатылып конденсацияланады. Флегма дебутанизациялау колоннасының СД-3 флегма жинағышында жиналады, мұнда сұйық бетінде газ бұлты түзіледі. СР-3 А/В флегма сораптары бутанды меркаптаннан тазалауға жібереді және колоннаға флегма ретінде кері береді. Кубтық сұйықтық дебутанизациялау колоннасының Ж-9-1/2 қайнатқыштарына беріледі, бұлардың әр қайсысы колоннаның жұмыс жасауы үшін қажетті 50% жылуды беруге есептелген. Сұйықтық шамамен 133-136°C температураға дейін қыздырылады және жартылай буланады. Қайнатқыштарға берілген төмен қысымдағы су буы өз жылуын беріп конденсацияланады. Конденсат әр қайнатқышқа арналған СД-5-1/2 конденсат жинағыштарында жиналып, одан әрі төмен қысымдағы бу конденсатының жалпы желісіне шығарылады. Колоннаның астынан шығатын сұйық кубтық өнімнің бір бөлігі тұрақтандырылған мұнаймен араластырылуға, ал екінші бөлігі абсорбциялы мұнай ретінде пайдалану үшін пропанмен бутанды меркаптаннан тазалау блогына бағытталады.

2.6 Қондырғының материалдық балансы

6 кесте - Күкіртсізденген газды алдын-ала салқындату және кептірудің материалдық балансы.

Аталуы	% (масс.)	кг/сағ	т/тәу *	т/жыл
Берілді:				
Күкіртсізденген газ	100	192684	4624,4	1572296
Барлығы	100	192684	4624,4	1572296
Алынды:				
Кептірілген газ	92,6	178488	4283,7	1456758
су+жоғары температурада қайнайтын көмірсутектер	2,1	3973	95,4	32436
Регенерация газы	5,3	10223	245,3	83402
Барлығы	100	192684	4624,4	1572296

* қондырғы 365 күннің, 340 күнінде шикізатты өңдейді, 22 күн қондырғыны күрделі жөндеуге кетеді

7 кесте - Кептірілген газды салқындату, сеперациялау, деэтанациялау және компрессиялаудың материалдық балансы.

Аталуы	% (масс.)	кг/сағ	т/тәу *	т/жыл
Берілді:				
Кептірілген газ	100	178488	4283,7	1456758
Барлығы	100	178488	4283,7	1456758
Алынды:				
Құрғақ газ	81,1	144803	3475,3	1181602
Деэтанациялау колоннасының кубтық қалдығы	18,9	33685	808,4	274856
Барлығы	100	178488	4283,7	1456758

8 кесте - Фракциялаудың материалдық балансы.

Аталуы	% (масс.)	кг/сағ	т/тәу *	т/жыл
Берілді:				
Деэтанациялау колоннасының кубтық қалдығы	100	33685	808,4	274856
Барлығы	100	33685	808,4	274856
Алынды:				
Пропан	47,3	15933	382,4	131381
Бутан	30,6	10308	247,4	84116
Деэтанациялау колоннасының кубтық қалдығы	22,1	7444	178,6	60724
Барлығы	100	33685	808,4	274856

9 кесте - Пропаннан COS пен меркаптанды бөлу және кептірудің материалдық балансы.

Аталуы	% (масс.)	кг/сағ	т/тәу *	т/жыл
Берілді:				
Пропан	100	15933	382,4	131381
Барлығы	100	15933	382,4	131381
Алынды:				
Тазартылған пропан	99,76	15895	381,5	131066
Меркаптан	0,24	38	0,9	315
Барлығы	100	15895	381,5	131381

2.7 Депропанациялау колоннасының технологиялық есептелуі

Келесі берілген мәндер арқылы газды фракциялау қондырғысының депропанациялау колоннасын есептейміз: шикізаттың құрамы (мол. %) C_2H_6

—0,57, C_3H_8 —57,22, $n-C_4H_{10}$ —28,53, $n-C_5H_{12}$ —13,68; дистилляттағы $n-C_4H_{10}$ мөлшері 0,7 мол. % болмауы керек, қалдықтағы C_3H_8 мөлшері 1,15 мол. % артық болмауы керек; шикізатты колоннаға беру температурасы $T_1 = 343$ К; колоннаның шикізат бойынша өнімділігі $G_{\text{сағ}} = 33685$ кг/сағ; колоннаның ауамен салқындату мұздатқышына берілетін ауаның бастапқы температурасы $T = 296$ К [1].

2.7.1 Шикізаттың құрамы

Шикізаттың орташа молекулалық массасы (10 кесте):

$$M_{\text{ор}} = \sum_1^4 M_{iC_i'} = 51,7448 \approx 51,74$$

10 кесте - Шикізаттың құрамы.

Шикізат- тың компонен- тері	Моле- кула- лық масса- сы M_r	Шикі- заттың құра-мы моль-дік үлес- пен c_i'	$M_{iC_i'}$	Шикі- заттың құрамы мольдік үлесі $c_i = \frac{M_{iC_i'}}{\sum M_{iC_i'}}$	Шикізаттағы мөлшері	
					кг/сағ	кмоль/ сағ
C_2H_6	30	0,0057	0,1710	0,0033	111	3,700
C_3H_8	44	0,5722	25,1768	0,4866	16391	372,523
$n-C_4H_{10}$	58	0,2853	16,5474	0,3198	10772	185,724
$n-C_5H_{12}$	72	0,1368	9,8496	0,1903	6411	89,042
-	1,0000	51,74	1,0000	33685	650,989	

2.7.2 Дистиллят пен қалдықтың мөлшері мен құрамы

Әрі қарай есептеу 100 к/моль шикізатқа жүргізіледі.

Колонна үшін материалдық баланстың теңдеуін төмендегіше жазамыз:

$$G = D + R \quad (1)$$

$$Gc'_{1D} = Dy'_{D1} + Rx'_{R1} \quad (2)$$

$$Gc'_{2D} = Dy'_{D2} + Rx'_{R2} \quad (3)$$

$$Gc'_{3D} = Dy'_{D3} + Rx'_{R3} \quad (4)$$

$$Gc'_{4D} = Dy'_{D4} + Rx'_{R4} \quad (5)$$

Бізге белгілі мәндерді осы формулаларға қою арқылы мынаны аламыз:

$$100 \times 0,0057 = Dy'_{D1} + (100 - D) \times 0 \quad (2')$$

$$100 \times 0,5722 = Dy'_{D2} + (100 - D) \times 0,0115 \quad (3')$$

$$100 \times 0,2853 = D \times 0,007 + (100 - D) \times x'_{R3} \quad (4')$$

$$100 \times 0,1368 = D \times 0 + (100 - D) \times x'_{R4} \quad (5')$$

(4') және (5') қосу арқылы мынаны аламыз:

$$42,21 = D \times 0,007 + (100 - D) (x'_{R3} - x'_{R4}).$$

Бірақта,

$$x'_{R2} + x'_{R3} + x'_{R4} = 1$$

мұндағы $x'_{R2} = 0,0115$.

Сондықтан

$$x'_{R3} + x'_{R4} = 1 - 0,0115 = 0,9885$$

Яғни,

$$42,21 = 0,007D + 98,85 + 0,9885D,$$

осыдан

$$D = \frac{56,64}{0,9815} = 57,71$$

$$R = 100 - 57,71 = 42,29.$$

(2') формуладан:

$$y'_{D1} = \frac{0,57}{57,71} = 0,0099.$$

(3') формуладан:

$$y'_{D2} = \frac{57,22 - 42,29 \times 0,0115}{57,71} = 0,9831$$

(4') формуладан:

$$x'_{R3} = \frac{28,53 - 57,71 \times 0,007}{42,29} = 0,6651$$

(5') формуладан:

$$x'_{R4} = \frac{13,68}{42,29} = 0,3234.$$

Дистиллят пен қалдықтың құрамы мен мөлшерінің мәндері 11 кестеде.

11 кесте - Дистиллят пен қалдықтың құрамы мен мөлшері.

Компоненттер	Шикізат, к /моль	Дистиллят D		Қалдық R	
